

## 2019 жылғы 9 тамыздағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағы арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы келісімге сәйкес қолданылатын рұқсат беру құжатының бірыңғай нысаны туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 18 тамыздағы № 101 шешімі

2019 жылғы 9 тамыздағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағы арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы келісімнің 6-бабын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 16 мамырдағы № 45 шешімімен бекітілген қорытындының (рұқсат беру құжатының) бірыңғай нысаны оның негізінде Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағына қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу жүзеге асыралатын қорытындының (рұқсат беру құжатының) бірыңғай нысаны ретінде пайдаланылады деп белгіленсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде 2019 жылғы 9 тамыздағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендей аумағы арқылы қауіпті қалдықтарды трансшекаралық өткізу туралы келісім күшіне енген күннен кейін күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

M. Мясникович